

ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕККЕ ТАРТУ БАСТЫ МІНДЕТ

Нұрлан ӨТЕШЕВ,

«Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ атқарушы хатшысы:

– Президентіміз «Нұр Отан» ХДП-ның XII съезінде жастардың ынтымақтастығы, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы жөнінде «Жас Отанға» жауапты міндет жүктеді. Біз артылған үмітті ақтаймыз деген сенімдемін. Қазіргі кезде жастардың рухани деңгейі, олардың менталитеті батыстанып барады. Елбасы өз сөзінде жастарды еңбекке баулуға көбірек екіпін түсірді. Себебі өскелең ұрпақ үшін қара жұмыстың құны түсіп бара жатыр.

Бұл мәселеге Президенттің арнайы тоқталуы да біраз жайды аңғартады. Жасыратыны жоқ, қазірде жастардың басым бөлігі «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге дағдыланған. Оларға еңбек етіп, тер төгуден бұрын көңіл көтеру ісі бірінші кезекте тұрады. Сондықтан жастарды еңбекке тарту бүгінгі күннің басты мәселесіне айналды. Әрине, ол үшін алдымен жас буынға өзіміз үлгі болуға тиіспіз. Съезден кейін бізге біраз тапсырма жүктелді. Соны жүзеге асыру үшін үлкен бір партиялық бағдарлама дайындап жатырмыз. Алдағы уақытта білім және ғылым, мәдениет және ақпарат министрліктерімен, сондай-ақ аймақтық жастар ұйымдарымен бірлесіп аталған мәселеге білек түргелі отырмыз.

ДИПЛОМДЫ ТҮЛЕКТЕР ҚАЙДА БАРАДЫ?

Марат ҚОҒАМОВ,

Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры:

– Бүгінгі жастар ұйымы көшбасшыларының көтеріп отырған мәселесінің барлығы да өзекті. Ендігі міндет – аталған жобаларды іс жүзінде жүзеге асыру. Биылғы жыл баршамызға да оңай тиіп отырған жоқ. Әлемдік қаржылық дағдарыстың салқыны елімізге де келіп жетті. Мемлекеттік мекемелерден бастап жекелеген кәсіпорындарға дейін жаппай қысқарту науқаны жүріп жатқанда, дипломын енді алғалы тұрған түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі жығылғанға жұдырық болайын деп тұр. Сонда дипломды түлектер қайда барады? Осы орайда мен Қазақстан жастарының Конгресіне қолқа салғым келіп отыр. Аталған проблеманы шешуге жер-жердегі жастар ұйымдары да жұмылдырылса деген тілегім бар. Аймақтық органдарға арнайы мәселе етіп көтерсе, жаңа ғана айтып өткен елді мекендердегі кадрлық түйінді де шешуге болар еді.